

## 2012 жылғы бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 мамырдағы № 42-V шешімі. Атырау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 1 маусымда № 4-8-225 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 06 ақпандағы № 120-V шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013.02.06 № 120 - V шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 422-бабына сәйкес және Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасының 2012 жылғы 2 мамырдағы № 671 ұсынысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 235-XXV "2010 жылға дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға ойын бизнесі саласында көрсеткен қызметіне тіркелген салық ставкаларының мөлшері туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылдың 27 қаңтарында № 4-8-180 санымен тіркелген, аудандық "Серпер" үнжариясында 2010 жылдың 11 ақпанында № 7 санында жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық және бюджет саясаты жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Жүгінісов) жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
IV сессиясының төрағасы: Б. Кенжебаев

Аудандық мәслихат хатшысы: Р. Сұлтанияев

Келісілді:

Құрманғазы

ауданы

бойынша

салық басқармасының бастығы

Ш. Сағынғалиев

8 мамыр 2012 ж.

Аудандық

Мәслихаттың

2012

жылғы

8

мамырдағы

№

42-V

"2012

жылға

бірыңғай

тіркелген

салық

ставкаларын

белгілеу

туралы" шешіміне қосымша

### 2012 жылға бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш) айына	Тіркелген салықтың база ставкаларының мөлшері (ай есептік көрсеткіш) жылына
1	2	3	4
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6	72
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	9	108
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2	24
4	Ойын жолы	30	360
5	Карт	12	144
6	Бильярд үстелі	20	240